


# «БЖЗҚ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСЫ АРҚЫЛЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ БЕРУ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТІН АЛУШЫЛАР ҮШІН ЖАДЫНАМА

Алматы, 2023 жыл



«БЖЗҚ интернет-ресурсы арқылы зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру» электрондық қызметін (бұдан әрі - Қызмет) мынадай жағдайларда пайдалануға болады:

зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы электрондық өтінішті:



**міндетті зейнетақы жарналары** (бұдан әрі - МЗЖ) және/немесе **міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары** (бұдан әрі - МКЗЖ) есебінен - мерзімсіз белгіленген 1 немесе 2 топ мүгедектігі болған жағдайда бере алады;  
**ерікті зейнетақы жарналары** (бұдан әрі – ЕЗЖ) есебінен– мүгедектігі бар 50 жасқа толған адам бере алады.



зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініштің және (немесе) зейнетақы төлемдерінің тәртібі мен талаптары туралы қосымша келісімнің (болған кезде) деректемелерін өзгертуге электрондық өтініш беру












*БЖЗҚ өтініш берушінің өмірлік мәртебесі, оның жеке басын куәландыратын құжаты туралы, мүгедектік белгіленгені туралы мәліметтерді мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелерінен (бұдан әрі - АЖ) алады*



Техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты БЖЗҚ интернет-ресурсының және (немесе) «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер базасы сервисінің (бұдан әрі – ЖТ МДБ) жұмысындағы үзілістерді қоспағанда, Қызмет өтініш берушіге тәулік бойы қолжетімді

## Қызметті алуға қойылатын талаптар

-  Қызмет көрсету және көрсетілген қызмет нәтижесін беру нысаны – электрондық (автоматтандырылған).
-  өтініш берушінің өзекті электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) кілттерінің болуы
-  дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімнің болуы
-  жеке зейнетақы шот(-тар)ында (бұдан әрі - ЖЗШ) МЗЖ және (немесе) МКЗЖ және (немесе) ЕЗЖ есебінен құралған зейнетақы жинақтарының болуы
-  БЖЗҚ АЖ-да зейнетақы төлемдерін тағайындау және/немесе сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтарын аудару туралы қолданыстағы өтініштің болмауы, МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы төлемінің ағымдағы жылда жүзеге асырылған жылдық сомасының, екінші деңгейдегі банктерден (бұдан әрі – ЕДБ)/«Қазрошта» АҚ-дан қайтарылған төлемнің болмауы
-  ЖТ МДБ-дан Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат жарамдылығы мен өзектілігі туралы растау, ЖТ МДБ-да өтініш берушінің әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілетін шектеу) туралы мәлімет болмауы
-  ЭЦҚ сертификатындағы өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН деректері ЖТ МДБ-дағы деректерге сәйкес болуы
-  Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен ЕДБ-де ашылған өтініш берушінің банк шотының болуы
-  егер өтініш беруші мүгедектігі бар адам болған жағдайда, өтініш берушіде белгіленген мүгедектіктің бар екені туралы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен растайтын мәліметтердің болуы

«Жеке кабинет» бөлімінің бастапқы беті өтініш берушіге екі тәсілмен кіруге мүмкіндік береді:



ЭЦҚ кілті арқылы




логин (ЖСН) және пароль арқылы

ЖЕКЕ КАБИНЕТКЕ КІРУ KZ

ЖСН-ды еске сақтау

Жеке кабинетке кіру

[Тіркелу/Құпиясөзді ұмыттыңыз ба?](#)

  
ЭЦҚ арқылы кіру


# ЖЕКЕ КАБИНЕТТЕ АВТОРЛАНУДЫҢ I-ші ТӘСІЛІ

## ЭЦҚ кілтінің көмегі арқылы авторлану



Қызметке қол жеткізу өтініш берушінің міндетті түрде авторлануын қажет етеді. ЭЦҚ пайдалануды қажет ететін интернет-ресурс бөлімінде жұмыс істеу үшін сіздің дербес компьютеріңізде орнатылған (іске қосылған) NCALayer бағдарламалық қамтамасыз етуінің (бұдан әрі - БҚ) болуы міндетті.

Орнатылған БҚ болмаған жағдайда орнату файлын NCALayer БҚ арқылы жүктеп алуға болады. NCALayer БҚ орнату бойынша пайдаланушының нұсқамасы ҚР Ұлттық куәландыру орталығының сайтында мына сілтеме <https://pki.gov.kz/ncalayer/> бойынша қолжетімді.

Егер ЭЦҚ кілті пайдаланушының компьютерінде файл түрінде болса (файл сертификаты деп аталатын), онда «Сіздің компьютеріңіз» тармағын таңдағаннан кейін файлды таңдау диалог терезесін басып, осы файлға жолды көрсету керек. Интернет-ресурста авторлану үшін аудентификациялауға арналған ЭЦҚ кілтін пайдалану қажет екенін ескергеніңіз жөн (файл атауы **AUTH\_RSA**-дан басталады). Файлды таңдап, диалог терезені жапқаннан кейін «Кіру» батырмасын басу қажет. java-апплет файлға рұқсат алу үшін пайда болған диалог терезеде кілт сақталған жерден парольді енгізіп, «Ашу» батырмасын басып, содан соң «Қол қою» батырмасын басу арқылы өзіңіздің іс-әрекетіңізді растауыңыз қажет.




Сертификатты таңдау



## ЖСН ЖӘНЕ ПАРОЛЬ АРҚЫЛЫ АВТОРЛАНУ




Өтініш берушілер сайтта өз бетінше тіркеліп, интернет-ресурста әрі қарай авторлану үшін өзіне пароль қояды. Тіркелу үшін тиісті бөлімше нысанында өзінің деректемелерін көрсету керек:



\* Қазақстандық провайдердің ұялы телефон нөмірі болуы тиіс



БЖЗҚ интернет-ресурсындағы Жеке кабинеттегі авторизациядан өткеннен кейін «Қызметтер» бөліміндегі «Зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру» қосымша бетіне өтіңіз



Өтініштің электрондық нысанын толтырар алдында мынадай хабарлама шығады:

Хабарландыру

**Құрметті Алушы!**

Сіз аталған қызметті:

мерзімсіз белгіленген I, II топтағы мүгедектікке байланысты міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары;

50 жасқа толуына/белгіленген мүгедектікке «БЖЗҚ» АҚ-да зейнетақы жинақтарының болуына байланысты ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш берген жағдайда пайдалана аласыз.

Қызметті алу талаптары:

- ✓ «БЖЗҚ» АҚ-да зейнетақы жинақтарының болуы;
- ✓ электрондық цифрлық қолтаңбаның болуы (бұдан әрі – ЭЦҚ);
- ✓ Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңге) ашылған банктік шоттың болуы;
- ✓ Жеке зейнетақы шотының (-тарының) бұғатталмауы.

**Қызметті қалай онлайн алуға болады**

Өтінішті ЭЦҚ пайдалана отырып, оның ішінде QR-кодпен толтыру және қол қою арқылы алуға болады.

**Қызметті көрсету нәтижесі**

«БЖЗҚ» АҚ жауапты қызметкерінің ЭЦҚ-сымен куәландырылған құжаттарды қабылдау немесе бас тарту себебі көрсетілген құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы туралы қолхатты алу.

**Қызметтің орындалуын қалай бақылауға болады**

«БЖЗҚ» АҚ-да тіркелген өтініштің орындалу мәртебесін Сіз жеке кабинеттегі «Қызметтер» – «Менің төлемге/аударуға өтініштерім» бөлімінен бақылай аласыз.

**ОК**

## «ЖЕКЕ БАСТЫ КУӘЛАНДЫРАТЫН ҚҰЖАТ БЛОГЫ

Төмендегі жолдар түзету мүмкіндігінсіз ЖТ МДБ-дан автоматты түрде толтырылады:

Құжат түрі (жеке басты куәландыратын бірнеше қолданыстағы құжаттар болған жағдайда, қажетті құжатты таңдау мүмкіндігі бар)

- Сериясы (бар болса)
- Құжат нөмірі
- Берілген күні
- Қолданыс мерзімі
- Кім берді

**1** Жеке басты куәландыратын шарт

Құжат типі	Сериясы	Құжат нөмірі
ЖЕКЕ КУӘЛІК ▾		11111111
Берілген күні	Қолданылатын мерзімі	
06.03.2020	05.03.2030	
Кім берді		
МВД РК		

- !** ЖТ МДБ-да қолданыстағы бірнеше құжаттар туралы мәліметтер болған жағдайда қажетті құжат түрін таңдау мүмкіндігі беріледі. Егер құжаттың таңдалған түрі бойынша мәліметтер БЖЗҚ АЖ-дағы мәліметтерден өзгеше болса, өтінішке қол қою кезінде БЖЗҚ АЖ-ға тиісті өзгерістер енгізілетін болады.



## «ЖЕКЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ ШОТЫ БЛОГЫ (Жарналардың түрі: МЗЖ/МКЗЖ/ЕЗЖ есепке алу үшін)»

- ЖЗШ нөмірі (қажетті ЖЗШ таңдау)

## «ТӨЛЕМДЕР» БЛОГЫ

- Зейнетақы төлемдерінің түрі (жасқа толуына байланысты, мүгедектігі бар адамдарға);
- Төлем түрі (ішінара/толық);
- Белгіленген сома түрінде (қанат белгісін қою);
- Қызмет көрсету өңірі (өңірді таңдау);
- Кезеңділігі (ай сайын/біржолғы);
- Сомасы (соманы санмен енгізу).

Ескерту: 01.01.2018 ж. бастап кесте бойынша (мүгедектігі бар адамдарға/жасқа толуына байланысты) зейнетақы төлемдері тек **ай сайынғы** кезеңділікпен тағайындалады.

## «БАНКТІК ДЕРЕКТЕМЕЛЕР» БЛОГЫ

- ✓ Бенефициардың ТАӨ (алушының деректемелерінен автоматты түрде толтырылады);
- ✓ Бенефициардың ЖСН (алушының деректемелерінен автоматты түрде толтырылады);
- ✓ «Сіздің банктік шотыңыздың деректемелерінде әкеңіздің аты көрсетілген бе?» (иә немесе жоқ);
- ✓ Шотты таңдау (карталық немесе ағымдағы шот);
- ✓ Алушының ЖСК/IBAN (20 таңбалы банк шотын көрсету);
- ✓ Төлем валютасы (Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы автоматты түрде көрсетіледі, KZT);
- ✓ Банк атауы (анықтамалықтан таңдау);
- ✓ БСК (таңдалған филиал/бөлімше атауы негізінде автоматты түрде толтырылады);
- ✓ БСН (таңдалған филиал/бөлімше атауы негізінде автоматты түрде толтырылады);
- ✓ Банктің ЖСК/IBAN (таңдалған филиал/бөлімше атауы негізінде автоматты түрде толтырылады).

**4 Банк деректемелері**

Бенефициар ТАӨ Сіздің банк шотыңыздың деректемелерінде әкеңіздің аты көрсетілген бе?

Иә  Жоқ

Бенефициар ЖСН

Шотты таңдау Төлем валютасы

Карточкалық KZT

Банк атауы

Филиал/бөлімше атауы:

Алушы ЖСК/IBAN

KZ

Банк БСК Банк БСН Банк ЖСК/IBAN

**!** «Шотты таңдау», «Банктің атауы» деген жолдарды толтыру кезектілігін сақтау қажет. Банк шотының деректемелерінде әкесінің аты бар/жоқ екенін көрсету қажет.

## «БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ» БЛОГЫ

- ✓ Мына мекенжайда тұрамын (облыс, қала, аудан, көше, үйдің нөмірі);
- ✓ Пәтер (пәтер нөмірі);
- ✓ Ұялы телефон;
- ✓ Индекс (ескі) (индексті жазу);
- ✓ Байланысу телефоны;
- ✓ E-mail (латын әріптерімен электрондық мекенжайы);
- ✓ Индекс (жаңа) («Қазпошта» АҚ web-сервисі қолжетімді болған және «Қазпошта» АҚ пошталық мекенжайлар анықтамалығынан тұрғылықты мекенжай таңдалған кезде автоматты түрде толтырылады).

**5** Байланысатын ақпарат

Облыс, қала, көше, үй (тек қана кириллица әріпімен толтырылады)

Пәтер Индекс (ескі)

Индекс (жаңа)

Байланысатын телефон Ұялы телефон

E-mail

**!** Байланысу деректерінде өтініш берушінің өзіне тиесілі ұялы телефон нөмірін және/немесе электрондық мекенжайын көрсету қажет, өйткені БЖЗҚ-дан ақпараттық жіберілімдерді жүзеге асыру үшін, оның ішінде БЖЗҚ зейнетақы төлемін өтініш берушінің банк шотына аударған кезде, сондай-ақ зейнетақы төлемін ЕДБ/«Қазпошта» АҚ БЖЗҚ-ға қайтарған жағдайда пайдаланады

## ӨТІНІШТІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НЫСАНЫН ТОЛТЫРУ «БАНКТІК ДЕРЕКТЕМЕЛЕРДІ ӨЗГЕРТУ»



БЖЗҚ интернет-ресурсында авторланудан кейін Жеке кабинетте «Қызметтер» - «Салымшының (алушының) деректемелеріне/банктік деректемелеріне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу» бөліміндегі «Банктік деректемелерді өзгерту» қосымша бетіне өтіңіз

### «Жеке зейнетақы шоты (жарналар түрі)» БЛОГЫ



Зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініште көрсетілген банктік деректемелерді өзгерту мақсатымен «деректемелерге/банктік деректемелерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу» қосымша бетінде «**Банктік деректемелерді өзгерту**» бөлімшесін таңдау қажет

Деректемелерге / банк деректемелеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу

Деректемелерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу **Банк деректемелеріне өзгерістер енгізу**

1 Жеке зейнетақы шоты (жарна түрі)

ЖЗШ

ЖЗШ нөмірі (жарналардың түрін таңдау)

### «Төлемдер» БЛОГЫ

ЖЗШ таңдалғаннан кейін төмендегі жолдар түзету мүмкіндігінсіз БЖЗҚ АЖ-дан автоматты түрде толтырылады:

- ✓ Зейнетақы төлемдерінің түрі *(жасына байланысты, мүгедектігі бар адамдарға);*
- ✓ Төлем түрі *(ішінара/толық);*
- ✓ Қызмет көрсету өңірі *(өңірді таңдау);*
- ✓ Кезеңділік *(ай сайын/біржолғы).*

2 Төлемдер

Зейнетақы төлемінің түрі Қызмет көрсетілетін өңір

Зейнетақы төлемінің түрі

Ішінара төлем Ай сайын

# ӨТІНІШТІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НЫСАНЫН ТОЛТЫРУ «БАНКТІК ДЕРЕКТЕМЕЛЕРДІ ӨЗГЕРТУ»

## «Банктік деректемелер» БЛОГЫ

**3** Банк деректемелері

**Прежние банковские реквизиты**

Банк атауы  
АО "KASPI BANK" ✓

Филиал/бөлімше атауы:  
АО "KASPI BANK" ✓

Банк БСК  
CASPKZKA

Банк ЖСК/IBAN  
KZ000000 000000 0000

Алушы ЖСК/IBAN  
KZ000000 000000 0000

**Введите новые банковские реквизиты**

Бенефициар ТАӨ

Бенефициар ЖСН  
000000 0000

Сіздің банк шотыңыздың деректемелерінде әкеңіздің аты көрсетілген бе?  
 Иә  Жоқ *«иә» немесе «жоқ» таңдау*

Шоттың түрі *карталық немесе ағымдағы шот*

Төлем валютасы  
KZT *KZT автоматты түрде көрсетіледі*

Банк атауы  
 *анықтамалықтан таңдау*

Филиал/бөлімше атауы:

Алушы ЖСК/IBAN  
KZ *20 таңбалы банктік шотты көрсету*

Банк БСК  
 *Таңдалған филиал/бөлімше атауының негізінде автоматты түрде толтырылады*

Банк БСН

Банк ЖСК/IBAN

**Банк мәліметтерін тексеру**

ЭЦҚ-мен қол қою | Артқа қайту

*Бенефициардың бұрынғы банктік деректемелері, ТАӨ мен ЖСН алушының деректемелерінен автоматты түрде толтырылады.*

*Барлық жолдар толтырылғаннан кейін «Банктік деректемелерді тексеру» батырмасын басу керек*

Проверка успешно пройдена  
OK

## ЭЛЕКТРОНДЫҚ ӨТІНІШ НЫСАНЫНА ҚОЛ ҚОЮ

### Өтінішке қол қою



Өтінішті толтырғаннан кейін қол қою әдісін таңдау керек

ЭЦҚ-мен қол қою





және

QR-мен қол қою

батырмалары барлық қажетті өрістер **міндетті түрде** толтырылған кезде белсенді болады

**ЭЦҚ арқылы қол қоюды әдісін** таңдаған жағдайда Өтінішке қол қоюға арналған ЭЦҚ таңдау терезесі пайда болады (файлдың атауы RSA деп басталады)

Сертификатты таңдау



Қызметті көрсету кезінде техникалық мәселелер туындаған кезде экранға тиісті хабарлама шығады

## ӨТІНІШ МӘРТЕБЕСІ



Банктік деректемелер сәтті өзгергеннен соң «Банктік деректемелерді өзгертуге өтініш» Жеке кабинеттегі «Қызметтер» бөліміндегі «Менің төлемдерге/аударымдарға өтініштерім» қосымша бетінде көрсетіледі.



Менің төлемдер / аударымдар туралы өтініштерім

Банктік деректемелерді ауыстыру туралы өтініш

МЗЖ

24.02.2023

1439990-ИБР

[Өңдеуге қабылданды](#)



Өтінімнің БЖЗҚ-ға келіп түскен күні

24.02.2023 16:04:39



Төлемнің / аударымның аяқталу мерзімі

10.03.2023



Құжаттарды қабылдау туралы түбіртек

[Жүктеу](#)



[Өңдеуге қабылданды](#)

## Өтінішке қол қою

Егер QR-код арқылы қол қою әдісін таңдаған жағдайда, толық қадамдық нұсқаулық және өтінішке қол қоюға арналған QR-код шығады


QR қол қою

QR-код арқылы қол қою үшін eGov Mobile қосымшасын ашу қажет


Егер eGov Mobile қосымшаңыз жоқ болса, оны ресми сілтеме бойынша орнатыңыз

Загрузите в App Store


или скачайте в Google play



1. Құрылғыңызда орнатылған eGov Mobile ашыңыз



2. Басты беттің жоғарғы оң бұрышындағы QR сканерін ашыңыз



3. Кодты оқу үшін телефонның камерасын осы QR-ға беттеңіз

Қол қоюды аяқтау

Қол қоюдың бұл әдісі eGov mobile интеграциясы негізінде іске асырылады, сондықтан өтініш беруші осы қосымшаны ұялы телефонына орнатып, оған кіруі керек. «QR-мен қол қою» батырмасын басқаннан кейін Қор серверіне сілтеме қамтылатын QR-код жасалады. Бұл QR кодты eGov mobile ұялы қосымшасының көмегімен сканерлеу керек, оның жоғарғы оң жақ бұрышында QR кодтарды оқуға арналған белгі бар.

QR кодты сканерлегеннен кейін қол қойылатын құжатты көрсететін терезе ашылады. Әрі қарай, «Қол қою» батырмасын басу арқылы пайдаланушы құжатқа қол қоюды аяқтауы керек. Нәтижесінде «Қол қою сәтті аяқталды» деген хабарлама шығуы керек.





**Рақмет!**

